

**Ішкі су жолдарында кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен болған көлік оқиғаларына тексеру, жіктеу және есепке алу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 23 маусымдағы N 153 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4308. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Ішкі су жолдарында кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тексеру, жіктеу және есепке алу ережесі бекітілсін.

2. Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 123-нөмірмен тіркелген, "Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарындағы көлік оқиғаларын жіктеу, тексеру және есепке алу туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1995 жылғы 26 шілдедегі N 151 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Ә.Қ.Құсайыновқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к                      ж әне

к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 3

м а у с ы м д а ғ ы

**Ішкі су жолдарында кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тексеру, жіктеу және есепке алу ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ішкі су жолдарында кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тексеру, жіктеу және есепке алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Ереже кемелермен соның ішінде шағын өлшемді кемелермен, олар ішкі су жолдарында жүзген уақытта немесе тұрақта тұрғанда болған көлік оқиғаларына тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейді.

Кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тексеру, жіктеу және есепке алу мақсаты аварияның мән-жайын, себептерін, салдарын, шығындарын анықтау, қатысты тұлғалардың іс-әрекетін бағалау, сондай-ақ алдын-алу жөнінде профилактикалық шаралар әзірлеу болып табылады.

3. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

гидротехникалық құрылыстар - шлюздер, бөгеттер, көпірлер, порттық және су тартқыш құрылыстар, толқын тосқауыл, сондай-ақ әуе және кеме жүрісінің шегіндегі су асты өткелдері (кабельдер, су құбырлары, телефон желілері және электр жүргізу құбырлары, қалқымалы көпірлер);

кемелердің суға батуы - корпусың суға толық батуы немесе судың корпусқа енуінің немесе корпусың аударылуының салдарынан жүзгіштік қордың толық жоғалуы;

жеткіліксіз кәсіби жарамдылық - кемеңің маневрлік және техникалық қасиетін, лоция мен штурмандық уағыздарды қанағаттанарлық білмеуі, дербес жүзуде тәжірибесіздігі;

ырық бермес және болжанбаған жағдайлар - табиғи апат себептері, дауыл, су деңгейінің кенет түсуі мен көтерілуі, ағыс жылдамдығының кенет өсуі, топырақтың сырғуы, бөгеттерді, шлюздерді судың бұзып шығуы, мұздардың кептелуі және басқалар;

конструктивті толық қирау - кемелер мен гидротехникалық құрылыстардың ауыстыру немесе жөндеу арқылы жоюға келмейтін бұзылуы; ішкі су көлігі кәсіпорны - қызмет көрсету шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін

камтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын тиісті түрде күтіп-ұстау және дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі мақсаты болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны;

кеме жүргізуші - шағын өлшемді кемені басқару құқығына тиісті куәлігі бар т ұ л ғ а ;

кеме қатынасының сапалары - кеменің беріктігіне, орнықтылығына, жүзбелігіне және батпайтындығына қойылатын талаптардың жиынтығы; қақтығысу - жүріс барысындағы кемелер мен құрамдардың өзара соқтығысуы ;

уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық көліктік б а қ ы л а у б а с қ а р м а с ы ;

көлік оқиғасы - пайдаланудағы кемелермен болған, апатқа әкеліп соққан және кеме қатынастық сапасын жоғалтуға, кеменің басқа кемені (кемелерді), навигациялық жабдық құралдарын, жағалау құрылыстарын, суасты кабелін, суасты құбырларын бүлдіруге, кеменің сүйреген объектісін жоғалтуға әкелген а в а р и я л ы қ ж а ғ д а й ;

уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті.

4. Осы Ереже Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында: уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен;

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың негізінде ішкі су жолдары арқылы, соның ішінде транзит мақсатында жүзуді жүзеге асыратын шетел мемлекетінің туын көтеріп жүзетін кемелермен болған көлік оқиғаларына таралады.

## **2. Көлік оқиғаларын жіктеу**

5. Ішкі су жолдарының көлік оқиғалары авария және пайдаланымдық о қ и ғ а л а р б о л ы п б ө л і н е д і .

6. Аварияға мыналар жатады:

1) нәтижесінде адамдар қайтыс болған немесе ауыр дене зақымдарын алған к ө л і к о қ и ғ а л а р ы ;

2) толық конструктивті қирау, есептен шығаруға әкелген кемелерді су басу;

3) қайраңға отыру немесе кеменің гидротехникалық құрылыстарды бұзуы, соның салдарынан осы жол учаскесінде немесе шлюзде бірінші кеменің келген мезетінен бастап есептегенде 72 сағат және одан артық уақытқа қозғалыстың т о қ т а у ы ;

4) көлік оқиғасы кезінде 10 тоннадан аса мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі ;

5) кеменің басқа кемені зақымдауы.

7. Мыналар пайдаланымдық оқиғаларға жатады:

1) адамдардың өлуі мен ауыр дене зақымдарын алудан басқа, болған салдарларға тәуелсіз орын алған көлік оқиғалары;

2) басқа кемелерге көмек көрсету кезінде авариялық-құтқару жұмыстары кезінде экипаждың заңды әрекет жасауы кезінде пайда болған оқиға;

3) ырық бермес табиғи апаттың әсері нәтижесінде туындаған көлік оқиғалары ;

4) кемелер мұзды жағдайларда жұмыс жасаған кезде туындаған көлік оқиғалары ;

5) экспериментальдық және тәжірибелік рейстер мен жұмыстарды жүргізу кезінде туындаған көлік оқиғалары;

б) аварияға жатпайтын барлық басқа көлік оқиғалары.

### **3. Көлік оқиғаларының түрлері мен себептері**

8. Ішкі су қатынасы жолдарындағы көлік оқиғалары мынадай түрлерге бөлінеді :

1 ) қ а қ т ы ғ ы с у ;

2 ) с о ғ у ;

3 ) а у д а р ы л у ;

4 ) ө р т ;

5 ) а д а м д ы б а с ы п к е т у ;

6 ) к е м е л е р д і ң б а т у ы ;

7 ) қ а ы р а ң ғ а о т ы р у ;

8) гидротехникалық құрылыстардың зақымдануы.

9. Көлік оқиғаларының себептері:

1) кемелерді қауіпсіз пайдалануды реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарын, нормативтік-басқару құжаттарында көзделген лауазымдық міндеттерді кеменің жеке құрамының немесе кеме жүргізушінің орындамауы немесе сақтамауы ;

2) вахта бастығының немесе кеме экипажы мүшелерінің еңбек тәртібін бұзуы;

3) кәсіби жарамдылықтың жеткіліксіздігі, кеме жүргізудегі қателіктер;

4) жолды, гидротехникалық құрылыстарды, кеме жүрісінің навигациялық жабдықтарын қанағаттанарлық жағдайда күтіп ұстамау;

5) кемелердің, кеме қондырғыларының, тетіктерінің, жүйелердің техникалық

жарамсыздығы, конструктивтік кемшіліктер, белгіленген жылдамдықтан асу, кеме корпусы тозуының рұқсат етілген деңгейінен асу;

б) кеме қатынасы қауіпсіздігін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарын жағалау қызметкерлерінің орындамауы;

7) ырық бермес және болжанбаған жағдайлар болып табылады.

#### **4. Көлік оқиғаларын тексеру тәртібі**

10. Көлік оқиғалары уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тексеруге ж а т а д ы .

11. Кемелермен, соның ішінде шағын өлшемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тексеру көлік оқиғасы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркелген сәттен бастап отыз күннің ішінде жүргізіледі.

Сараптамалар жүргізу, көлік оқиғаларының себебін анықтау кезінде уәкілетті органның шешімі бойынша осы тармақта көрсетілген мерзім мынадай жағдайларда , егер :

1) көлік оқиғасына тікелей немесе жанама қатысы бар тұлғалар көлік оқиғасын тексеруді жүргізіп жатқан уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің шегінен уақытша кеткен болса ;

2) осы Ереженің 13-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, материалдарды және қорытындыларды ұсыну үшін ұзақ мерзім қажет болса ;

3) осы Ереженің 13-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген экспериментті жүргізу қажет болса ;

4) көлік оқиғасы нәтижесінде кеме суға батқан болса ұзартылуы мүмкін.

12. Тексеру көлік оқиғасының салдарын жоюға және кеме қатынасы жолының осы учаскесінде қозғалысты қалпына келтіру жөніндегі жұмысқа кедергі келтірмеуі тиіс .

13. Көлік оқиғасына тексеру жүргізетін уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерлерінің :

1) жазбаша түсініктеме алуға, іске тікелей немесе жанамалай қатысы бар тұлғалардан іс мәселелерін жазбаша түрде нақтылауға, аудио және видео жазба жүргізуге, жағалаулық радиостанциялардың аудио жазбаларын тексеру материалдарына қосуға ;

2) көлік оқиғасының мән-жайын нақтылау үшін қажетті құжаттар мен материалдарды көрсетуді лауазымды тұлғалардан талап етуге ;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесі, кәсіпорындар, лабораториялар, ғылыми мекемелер және арнайы құрылған комиссия қызметкерлерінің көлік

оқиғасының мән-жайы мен себептерін нақтылау немесе ашу мәселелері бойынша  
қ о р ы т ы н д ы с ы н а л у ғ а ;

4) оқиғаның мән-жайын нақтылау үшін кеме иелерінен, кеме жүргізушілерден, тиісті су жолдары кәсіпорындарының және гидротехникалық құрылыстардың басшыларынан қажет кезінде эксперимент жүргізуді талап етуге;

5) көлік оқиғасына қатысушылардың дені саулығының, алкогольдік және нашалық мас болу жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруға жіберуге  
қ ұ қ ы ғ ы б а р .

#### 14. Көлік оқиғасын тексеруді:

1) заңдық иелігінде көлік оқиғасы орын алған тиісті уәкілетті органның  
а у м а қ т ы қ б ө л і м ш е с і ;

2) көлік оқиғасына жол берген кеме тиісті уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің заңдық иелігі шегінен шығып кеткен, бірақ сол бассейн ішінде болған кезде қорытынды дайындау үшін материалдарды кейіннен жібере отырып, алғашқы құжаттарды жинауды кемеің тұрған жерінің тиісті уәкілетті органының аумақтық бөлімшесі жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар негізінде ішкі су жолдары арқылы, соның ішінде транзит мақсатында жүзуді жүзеге асыратын шетел мемлекетінің туын көтеріп жүзетін кемеің қатысуы  
к е з і н д е жү р г і з е д і .

#### 15. Көлік оқиғаларын тексеру мақсаты:

1) кемеің, экипаждың жабдықтың кеме қатынасы қауіпсіздігін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдердің талаптарына сәйкестігін бағалау;

2) көлік оқиғасының мән-жайын, себебін және салдарын анықтау;

3) көлік оқиғасына қатысты тұлғаның іс-әрекетін бағалау;

4) нормативтік құқықтық кесімдерді бұзушылықтарды көрсете отырып, іс-әрекеті көлік оқиғасының туындауына әкелген немесе себеп болған тұлғаны  
а н ы қ т а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

16. Тексеру нәтижесі бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі дәлелді қорытындыны және аварияның алдын алу жөнінде профилактикалық шаралар жүргізу ұсынымдарын дайындайды.

17. Техникалық құралдарды бөлу және сараптамалар, тәжірибелер, тікелей зерттеулер, медициналық куәландыру жүргізу жөніндегі шығындарды өтеу көлік оқиғасына кінәлі кеме иелеріне, кеме жүргізушілеріне, су жолдары кәсіпорындарына, гидротехникалық құрылыстар иелеріне тиесілі.

## 5. Көлік оқиғасы туралы хабарлау тәртібі

18. Көлік оқиғасы болған жағдайда кеме капитаны, кеме жүргізуші, кеме иесі, гидротехникалық құрылыстардың лауазымды тұлғалары меншік нысанына және ведомстволық қатыстылығына қарамастан бұл туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жедел хабарлауға міндетті.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жіберілетін көлік оқиғасы туралы хабарлама осы Ережеге 1-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтиды.

19. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі көлік оқиғасы туралы уәкілетті органға, жақын портқа, су жолдары кәсіпорнына және көлік прокуратурасына ш ұ ғ ы л х а б а р л а й д ы .

20. Кеме капитаны, кеме жүргізуші, кеме иесі, гидротехникалық құрылыстардың лауазымды тұлғалары меншік нысанына және ведомстволық қатыстылығына қарамастан көлік оқиғасы болған жағдайда:

- 1) көлік оқиғасы салдарын жою жөнінде шаралар қолданады;
- 2) кеме иесімен, тиісті су жолдары кәсіпорнымен және аумақтық уәкілетті органмен тұрақты байланыста болады;
- 3) аумақтық уәкілетті органның рұқсатынсыз көлік оқиғасы орнын тастап к е т п е у і т и і с ;

4) көлік оқиғасы болған сәттен бастап 24 сағаттың ішінде осы Ережеге 2-қосымшада көрсетілген мәліметтерді қамтитын Көлік оқиғасының актісін жасайды және бір данасын аумақтық уәкілетті органға жедел ұсынады.

Гидротехникалық құрылыстармен болған Көлік оқиғаларының актілері олардың иесі өкілдерінің қатысуымен ресімделеді.

Көлік оқиғасына екі және одан көп қатысушы болса, олар актіні бірлесіп жасайды. Көлік оқиғасына қатысушылардың арасында келіспеушіліктер болған кезде оның себептері және салдары туралы акті жеке жасалады.

Көлік оқиғасының актісіне мына құжаттар қоса беріледі:  
вахта бастығының көлік оқиғасы болар алдындағы, оқиға болған мезеттегі және онан кейінгі кезеңдегі іс-әрекеті көрсетілген уақыт ішіндегі кеме журналынан (вахта журналынан) үзінді;

егер осы кемеде жүргізілуі көзделген болса, машина мен басқа журналдардан ү з і н д і ;

барлық қатысты тұлғалардың түсініктемелері және егер куәлар болса, о л а р д ы ң к ө р с е т у л е р і ;

көлік оқиғасы болған орын, сондай-ақ кеменің ретімен орналасуы және б а с қ а л а р б е л г і л е н г е н с ы з б а ;

көлік оқиғасы учаскесінің навигациялық картасының көшірмесі;  
көлік оқиғасына қатысы бар басқа құжаттар мен заттай дәлелдер ( радиограммалардың, бұйрықтардың, өкімдердің, курсограммалардың көшірмелері, фотосуреттер, тахограммалар, тралдау немесе тереңдіктерді өлшеу

туралы механизмдер мен қондырғылардың істен шығуы туралы актілер, нұсқаулық жөніндегі журналдар).

Көлік оқиғасының актісіне қоса берілетін барлық құжаттар кеме капитанының, кеме жүргізушісінің, кеме иесінің, гидротехникалық құрылыстардың лауазымды тұлғаларының қолымен расталуы тиіс.

Қылмыстың ізін көрсететін деректер бар болған кезде Көлік оқиғасының актісі құжаттармен қоса ішкі істер органдарына да беріледі.

## **6. Көлік оқиғаларын есепке алу**

21. Көлік оқиғасы туралы хабарды алған кезде Ереженің 18-тармағына сәйкес осы көлік оқиғасын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Көлік оқиғаларын тіркеу журналына (бұдан әрі - Тіркеу журналы) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркейді.

Тіркеу журналы нөмірленген, тігілген және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің мөрімен расталған болуы тиіс.

22. Жолдың және гидротехникалық құрылыстардың, кеме жүрісінің навигациялық жабдығының қанағаттанарлықсыз ұсталуы себебінен болған көлік оқиғалары үшін су жолдары кәсіпорны және гидротехникалық құрылыстардың иелері жауапты болады.

23. Көлік оқиғасынан болған шығындарды өтеу мәселелері заңнамада белгіленген тәртіппен қаралады.

## **7. Көлік оқиғаларының тексеру материалдарын қарау тәртібі**

24. Тексеру барысында кеме капитаны, кеме иесі, кеме жүргізуші, су жолдары кәсіпорны, гидротехникалық құрылыстардың иелері уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің талабы бойынша көлік оқиғасы нәтижесінде кемең алған бүлінуін бағалауға мүмкіндік беретін мынадай қосымша құжаттарды ұсынады:

- 1) бүліну фотосуреттері;
- 2) жөндеудің алдын-ала калькуляциясы;
- 3) авариялық бүлінулерді жоюды жүргізген арнайы ұйымдардың шоттары.

25. Тексеру қорытындысы бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі көлік оқиғасы туралы қорытынды жасайды және уәкілетті орган мен көлік оқиғасына қатысушыларға бір-бір данасын жібереді.

26. Кеме иесі, кеме жүргізуші, су жолдары кәсіпорны, гидротехникалық құрылыстардың иелері уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қорытындысымен келіспеген кезде кеме иесі, кеме жүргізуші, су жолдары кәсіпорындары, гидротехникалық құрылыстардың иелері оны алғаннан кейін он



күннің ішінде өз қарсылықтарын уәкілетті органға жібере алады.

27. Уәкілетті орган уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қорытындысын және көлік оқиғасы жөніндегі материалдарды олардың ұсынылған күнінен бастап отыз күн ішінде қарайды, одан соң ол бойынша кеме иесінің, кеме жүргізушінің, су жолдары кәсіпорындарының, гидротехникалық құрылыстардың иелерінің қарсылықтарын және/немесе қосымша тексеруді, егер осындай жағдай болған болса, есепке ала отырып, қорытынды шығарады.

28. Қорытындыны алғаннан кейін кеме иесі, су жолдары кәсіпорындары, гидротехникалық құрылыстардың иелері осындай жағдайлардың болашақта қайталануын болдырмайтын профилактикалық іс-шаралар өткізеді, іс-әрекеті көлік оқиғаларының туындауына әкелген және/немесе себепші болған қызметкерлерді заңнамалық нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жауапкершілікке тартады, сондай-ақ техникалық жай-күйін, бұдан әрі пайдалану және/немесе жөндеу шарттарын анықтау мақсатында кемені Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесіне куәландыруға ұсынады.

Ішкі су жолдарында кемелермен,  
соның ішінде шағын өлшемді  
кемелермен болған көлік  
оқиғаларын тексеру, жіктеу  
және есепке алу ережесіне  
1-қосымша

### **Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне хабарланатын көлік оқиғасы жөніндегі мәліметтер**

1. Қайдан және кімнен көлік оқиғасы туралы хабар алынды.
2. Көлік оқиғасының болған күні және уақыты.
3. Кеменің атауы, кеме иесі және кеменің меншік иесі.
4. Оқиғаның орны, навигациялық картадағы шақырымы, жақын елді мекен, порт (пристань), гидротехникалық құрылыс.
5. Кеме қайдан және қайда бара жатыр, оның көлемі, жүкпен немесе бос кезінде шөгуі, жүктің түрі және оның саны.
6. Кеменің экипаж мүшелері туралы мәліметтер, егер жолаушы кемесі болса жолаушылардың саны.
7. Ауа-райы жағдайы, желдің бағыты мен күші, судың толқуы, көру мүмкіндігі.
8. Штаттық орындарда навигациялық белгілердің бар болуы және оның жарамдылығы.

9. Жүріс рубкасы мен машина бөлімінің вахтадағылары туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, дипломының бар болуы).

10. Болған оқиға туралы мәліметтер (көлік оқиғасының түрі, зақымның бар болуы және сипаты, құрбандар және адамдардың денелей зақым алуы, қоршаған ортаның л а с т а н у ы ) .

11. Көлік оқиғасын бағалауға және жәрдем көрсету және салдарды жою үшін техникалық құралдарды жұмылдыру қажеттілігі туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін басқа да мәліметтер.

Ішкі су жолдарында кемелермен,  
соның ішінде шағын өлшемді  
кемелермен болған көлік  
оқиғаларын тексеру, жіктеу  
және есепке алу ережесіне  
2-қосымша

### **Көлік оқиғасы актісінде қамтылатын мәліметтер**

1. Көлік оқиғасының күні мен орны, акт жасаушылар туралы мәліметтер (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, ал куәгерлер үшін - тұрғылықты орнының м е к е н - ж а й ы ) .

2. Кеме және гидротехникалық құрылыс туралы негізгі мәліметтер (атауы, үлгісі, қуаты, жүк көтерімділігі, көлемдері, жүктің түрі және басқалар).

3. Көлік оқиғасына қатысушылар туралы мәліметтер (лауазымы, жасы, арнайы білімі, су көлігіндегі, жетекшілік лауазымдардағы және атқарып отырған лауазымындағы жалпы жұмыс өтілі, жұмыс дипломы немесе куәлігі, оларды алу күні және кім бергені) .

4. Көлік оқиғасы орын алған учаскенің гидрологиялық сипаттамасы, ауа-райы жағдайы, көру мүмкіндігі, кеме жүрісінің көлемі және олардың жарияланғанына сәйкестігі, штаттық орындарда навигациялық белгілердің бар болуы және олардың нормативтік талаптарға сәйкестігі және басқалар.

5. Көлік оқиғасының алдындағы іс-әрекеттерді және оған қатысы бар м ә н - ж а й д ы б а ғ а л а у .

6. Көлік оқиғасының мән-жайын (барлық маневрді, жүріс жылдамдығын, өкімдерді, командаларды, сигналдарды және басқаларды рет-ретімен көрсете отырып, оқиғаның толыққанды сипаттамасын беру).

7. Кеме иесінің немесе экипаждың көлік оқиғасының салдарларын жою, адамдар мен жүкті құтқару бойынша іс-әрекеттерін қоса алғандағы кейінгі і с - ә р е к е т і .

8. Жарақаттанған немесе қайтыс болған адамдардың саны, олардың тегі, аты,

